

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Тау - кен ісі кафедрасы

Кәмбіл Исламшайық Тәуіржанұлы

Шалқия кенорнын жерасты игеру жобасы.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Мамандығы 5В070700

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Тау – кен ісі кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. д-ры, профессор

С.К. Молдабаев

2022ж.

Дипломдық жобаның
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

Тақырыбы: Кен орнын жерасты игеру жобасын жасау

5B070700 – Тау – кен ісі

Орындаған:

Кәмбіл И.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд.,

техн. ғыл. канд.,

қауымдаст. проф

қауымдаст. проф

Е.А. Ельжанов

С.С. Мырзахметов

«16» 05 2022ж.

«18» 05 2022ж.

Подпись С.С. Мырзахметов

заворяю

HR департамент

«__» 20__

Алматы 2022


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Тау – кен ісі кафедрасы

5B070700 – Тау - кен ісі



Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: *Кәмбіл Исламшайық Тәуіржанұлы*

Жобаның тақырыбы: *Кен орнын жерасты игеру жобасын жасау*

Университет Ректорының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-п/ө бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «__» _____.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: *Геологиялық мәліметтер.*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Кенорнының тау кен геологиялық бөлімі;

ә) Тау-кен бөлімі;

б) Арнайы бөлім.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): Геологиялық карта, Тау–кен жұмыстары, Арнайы бөлім.




Сызба материалдарының _____ слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет _____ атаудан _____

Дипломдық жобаны даярлау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақ-тардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Геологиялық бөлімі	26.02.2022 ж.	
Тау-кен бөлімі	19.05.2022 ж.	
Арнайы бөлім	19.04.2022 ж.	
Экономикалық бөлім	10.05.2022 ж.	

Дипломдық жобаның бөлімдерінің кеңесшілері мен қалып бақылаушының
аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (атыжөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Геологиялық бөлім	Мырзахметов С.С., техн. ғыл.канд.	26.02.2022 ж.	
Тау-кен бөлімі	Мырзахметов С.С., техн. ғыл.канд.	19.05.2022 ж.	
Арнайы бөлім	Мырзахметов С.С., техн. ғыл.канд.	19.04.2022 ж.	
Экономикалық бөлім	Мырзахметов С.С., техн. ғыл.канд.	11.05.2022 ж.	
Норма бақылау	Мендекинова Д.С.	18.05.2022 ж.	

Ғылыми жетекшісі  С.С. Мырзахметов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  И.Кәмбіл

Күні "12" маусым 2022 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыста Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы аумағындағы Қаратау тау жүйесінің етегінде орналасқан Шалқия қорғасын-мырыш кен орнын жерасты игеру жобасы әзірленген. Жоба кен орнының геологиялық жай-күйін, ашу және дайындық жұмыстарын игеру жүйесін таңдауды, өндірістік алаңдар мен жер үсті құрылыстарының жоспарын, экономикалық және қорғау бөлігін қамтиды.

АННОТАЦИЯ

Данный дипломный проект посвящен подземной разработки свинцово-цинкового месторождения Шалкия, расположенного на территории Жанакорганского района Кызылординской области, у юго-западного подножия Каратауских гор. Проект содержит краткую горно-геологическую характеристику месторождения, вскрытие и подготовительные работы, выбор системы разработки, генеральный план месторождений, экономическую часть и охраны труда.

ANNOTATION

This thesis project focuses on underground mining of lead-zinc Deposit Shalkiya is located on the territory of Zhanakorgan district of Kyzylorda region, at the South-Western foothills of the Karatau mountains, the Project provides a brief geological characteristic of the Deposit opening and preparatory works, selection system design, General layout of the fields, the economic part and labor protection.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 «Шалқия» кенорнының геологиясы	10
1.1 «Шалқия» кенорнының сипаттамасы	10
1.2 Кенорнының геологиялық құрылымы	11
2 Кенішті ашу және даярлау	13
2.1 Ашық әдіспен қазу тереңдігін анықтау	13
2.2 Кеніштің жылдық өнімділігі және оның қызмет ету мерзімін анықтау	14
3 Кенді ашу әдісі	16
3.1 Бас ашу қазбасы түсетін жерді анықтау	17
4 Кен орнын қазу жүйесін таңдау	19
4.1 Кенді атылыс күшімен жеткізу жүйесі	21
4.2 Жарылғыш заттың үлес шығынын анықтау	22
5 Арнайы бөлім. Веерлік ұңғымалар ауытқуының кеннің гранулометриялық құрамына әсері	25
6 Қауіпсіздік және еңбек қорғау	28
6.1 Қауіпті және зиянды өнімді факторлық талдау	28
6.2 Ұйымдастырушылық іс-шаралар	28
6.3 Техникалық шаралар	29
6.4 Жерастындағы атылғыш зат қоймаларының орналасу тәртібі	29
6.5 Өртке қарсы шаралар	29
6.6 Санитарлы-гигиеналық шаралар	29
7 Өндірістік алаң және жер бетінің жоспары	31
7.1 «Шалқия» кенішінің өндірістік алаңы	31
8 Экономикалық бөлім	33
8.1 Кеніштің жұмыс істеу режимі	33
ҚОРЫТЫНДЫ	34
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	35
Қосымша А	36
Қосымша Б	42
Қосымша-В	43

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда металдар адам өміріне қажетті заттардың бірі болып табылады. Яғни, адамның күнделікті өміріне қажет заттардан бастап, ол тұратын үйге дейін, тіпті біз назар аудармайтын кішкентай заттарға дейін. Біз осы аталған қажеттіліктердің барлығы халық шаруашылығы деп аталады. Халық шаруашылығында жиі қолданылатын металдар: қорғасын, темір, қалайы, мыс және мырыш. Халық шаруашылығының бірде-бір саласы металсыз дами алмайды. Сондықтан тау-кен өнеркәсібі металлургия өндірісінің негізгі шикізат базасы болып табылады. Сондықтан пайдалы қазбалар кен орындарын игеру тау-кен өнеркәсібінің негізгі саласы болып табылады.

Ел экономикасының қарқынды дамуының басты себептерінің бірі түсті және басқа металдар өндірісінің одан әрі ұлғаюы болып табылады. Ол үшін жер асты жұмыстары жаңа технологияларды қолдану арқылы жетілдіріліп, күрделі және дайындық жұмыстары алдында кең аумақта жүргізілуі керек. 1963 жылы ашылып, өз жұмысын бастаған Шалқия кен орны Қазақстан Республикасында барланатын барлық мырыш қорының 30% - ын иемденеді.

Дипломдық жоба Шалқия кен орнын зерттеу (ашу, дайындау, игеру) бойынша жобалық жұмыстар тақырыбына арналған. Қазу жүйесін таңдау және дайындау, ашу кезіндегі техникалық міндеттер О.А. Байқоңыров, С. К. Соволевский және М.И. Агошков сияқты ғалымдардың теориялары негізінде анықталды. Бұл жобада жерасты жұмыстары кен-геологиялық жағдайлар, негізгі шарттар, техникалық және экономикалық көрсеткіштер негізінде есептеледі.

Жер бетіндегі мырыштың дәлелденген әлемдік қоры шамамен 1900 миллион тоннаны құрайды. Анықталынған және өндіруге қолжетімді қоры - шамамен 350 миллион тонна, оның ішінде әлемнің 70 еліндегі мырыш кен орындары бар. Өсіп келе жатқан сұранысты ескере отырып, бүгінде әлем халқы мырыш кенінің қорымен 40 жылдан астам уақыт бойы қамтамасыз етілген. Мырыш кендерінің үлкен қоры Ресейде, Австралияда, Қазақстанда, Канадада және Қытайда орналасқан.

Австралия, Канада және Қытай осы кенді өндіру және экспорттау бойынша көшбасшы болып табылады. Мырыштың ең ірі тұтынушылары (импорттаушылары) - АҚШ, Тайвань және Германия.

Мырыш кен орындарының шамамен 15% карьерлерде игеріледі, кеннің 64% жер асты шахталарымен, ал 21% аралас кен өндірумен өндіріледі.

1 «Шалқия» кенорнының геологиясы

1.1 «Шалқия» кенорнының сипаттамасы

«Шалқия» кен орны 1960-шы жылдардың басында ашылған және кеннің жалпы қорына сәйкес қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы түсті металлургиясы үшін шикізаттың негізгі көздерінің бірі болып табылады. Шалқия кен орны ҚР, Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Қаратау жотасында орналасқан. Кен орнының географиялық орналасу координаттары. $44^{\circ}01'20''$ с.ш. және $67^{\circ}25'00''$ с.ш. (1.1 сурет). Кен орны жақсы дамыған инфрақұрылымға ие және Жаңақорған ауданы Темір жол станциясынан 20 км қашықтықта орналасқан. Аудан орталығынан кен орнына теміржол және асфальтталған жол байланыстырады. Кентау кен орнынан 165 км жерде «ШалқияМырыш» АҚ тиесілі «Ачполиметалл» кенбайыту зауыты орналасқан.

Теміржол және автомобиль жолдары арқылы «Шалқия» кен орнымен байланысады.

Кен орны орналасқан аумақтың жер бедері солтүстік-шығыста абсолюттік биіктігі 400 м дейін және орташа биіктігі 100 м дейін таулы бөлік ретінде кездеседі. Кен орнының оңтүстік-батыс бөлігі-төмен шоқылы жазық, абсолюттік биіктік 250-300 м, ал орташа биіктігі 5-15 м ғана құрайды. Бұл аймақтың климаты күрт континенталды, ал ауа температурасы айтарлықтай ауыспалы, құбылмалы болады. Аққұм метеостанциясының мәліметінше, ең ыстық уақыт - шілде, орташа температура $+40-46^{\circ}\text{C}$, ал ең суық ай - қаңтар -30°C дейін жетеді.

Жауын-шашын мөлшері көп түсетін айларға мамыр-сәуір, ал жауын-шашын аз айларға шілде-тамыз кіреді. Жыл бойына жауын-шашынның орташа мөлшері 183 мм. Аудан солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бағытта соғатын құрғақ желмен сипатталады, кейде олар бірнеше күн бойы шаңды Боранға айналуы мүмкін.

Ауданның топырағы - ұсақ карбонатты сұр топырақ және шөлейт далалық сұр топырақ. Кейбір аумақтарда топырақ қабаты мүлдем болмауы мүмкін.

Салынып аяқталған Шалқия кенішіне жақын орналасқан, Шымкент-Қызылорда ЛЭП-220 кВт электржелісі тартылған.

Шалқия кен орнындағы В + С1 + С2 санаттары бойынша кен қоры 127,5 млн тоннаны құрады, мырыштың құрамы 4,27% - ды, ал қорғасынның мөлшері 1,28% - ды құрайды. Кеннің баланстан тыс қоры 119,6 млн тоннаны құрайды, мырыштың құрамы 2,71% - ды, ал қорғасынның мөлшері 0,61% - ды құрайды.




1.1 сурет – Шолу картасы

1.2 Кенорнының геологиялық құрылымы

1959 жылы барлау кезінде шашыранды қорғасынның мөлшері 0,08-0,10% ретінде анықталды. 1962-1963 жылдары қорғасын минералының ұзындығы 2,5-3,0 км, қорғасынның максималды мөлшері 0,5% дейін болды. Қорларды С1 және С2 санаттары бойынша есептеу кезінде қорлардың үлкен екендігі дәлелденді. Кен орны оңтүстік-шығыс бағытта 600 м тереңдікте орналасқан, кен орнының жалпы ұзындығы 5 км және ені 800 м-ге дейін жетеді және республикадағы ең ірі қорлардың бірі болып табылады[1].

Алдын ала барлау жұмыстары нәтижесінде Шалқия кен алабының Ақұйық Майдантал бөлігі анықталған (4-сурет).

Кен блогы кен тікелей шоғырланған кен орнының құрылымымен сипатталады. Оның ішінде солтүстік-батыс және Оңтүстік-Шығыс қималары стратиграфиялық және литологиялық ерекшеліктері бойынша ұқсас, тек анықталған және зерттелген уақыттарымен ерекшеленеді. Солтүстік-Батысы барлық құлама жырттылыс сериясы бойынша күрделі.



1.2 сурет - Шалқия кенорнының геологиялық картасы

Солтүстік - Батыспен салыстырғанда Оңтүстік-шығыс учаскесінің құрылымдық құрылысы қарапайым. Кен орынның екі учаскесінің тағы бір ерекшелігі – бұл Солтүстік – Батысқа қарағанда Оңтүстік-Шығыс учаскесінде кен жайылымының тереңдігі 190 м дейін жетеді. Оладың кен жайылымының бірі жер бетінен 530-860 м тереңдікке дейін, екіншісі 40-680 м аралығында.

2 Кенішті ашу және даярлау

2.1 Ашық әдіспен қазу тереңдігін анықтау

Кез-келген кен орнын игеру техникалық-экономикалық есептеулерді қажет етеді, оның ішінде кен орнын қазу әдісін таңдау бірінші кезекте анықталады.

Тау-кен массивінде немесе оған іргелес жыныстарда кен қазу мақсатындағы жұмыс нәтижесінде пайда болған бос қуыстар кен қазбалары деп аталады. Пайдалы қазбаларды игерудің үш әдісі бар. Олар: ашық, жер асты және аралас. Игеру әдістерінің бірін пайдалану кен орнының тау-кен-геологиялық жағдайларына, оның ішінде игеру тереңдігіне байланысты. Ол үшін кен орнын игерудің барынша тереңдігін ашық әдіспен анықтаймыз. Егер бұл тереңдік кен денесінің тереңдігінен аз болса, онда кен орнын жерасты әдісімен игеру тиімді, ал егер ол аз болса, ашық әдіспен игеру тиімдірек болады.

Кен денесінің игеру жобасын құрастыру үшін келесі деректер берілді:

Кеннің құлау бұрышы $\alpha - 30^\circ$;

Кеннің орташа қалыңдығы $m_{орт} - 23$ м;

Созылым ұзындығы $L_{пр}=1100$ м;

Құлау бойынша ұзындығы $L_k=600$ м;

Кен денесінің тығыздығы $\gamma = 2.8$ т/м³.

Қазу әдісін таңдау үшін Б. Боголюбовтың формуласы бойынша ашық әдістен жер асты әдісіне өтудің максималды тереңдігін, м, анықтау қажет:

$$x = \frac{K_z \times m_{орт}}{ctg\beta + ctg\gamma} \quad (2.1)$$

мұндағы K_z – аршудың шектік коэффициенті;

$m_{орт}$ - кен орнының орташа қалыңдығы;

β, γ - кеннің жатпа және төнбе бет жақтарындағы карьер бортының бұрыштары, 55° .

$$K_z = \frac{C_n - C_o}{C_g} \quad (2.2)$$

мұндағы C_n - кенді жерасты әдісімен қазудың өзіндік құны, тг/т;

C_o - кенді ашық әдіспен қазудың өзіндік құны, тг/т;

C_g - аршу жұмыстарының өзіндік құны, тг/т.

$$K_z = \frac{4300 - 1800}{570} = 4,4$$

$$x = \frac{4,4 \times 23}{0,7 + 0,7} = 72 \text{ м}$$

Кен денесі жер бетінен 80 м тереңдікте жатыр, ал ашық игерудің максималды тереңдігі-72 м.осылайша, кен орнын жерасты әдісімен игеру қолданылады.

2.2 Кеніштің жылдық өнімділігі және оның қызмет ету мерзімін анықтау

Тау-кен өндірісін жобалау тәжірибесінде негізгі проблемалардың бірі кеніштің тиімді параметрлерін анықтау болып табылады, оның ішінде: жылдық өнімділігі бар шахтаның қызмет ету мерзімі. Бұл параметрлер бір-бірімен тығыз байланысты және олардың дұрыс анықталуы бүкіл жұмыс кезеңінде ритммен пен рентабельділікті қамтамасыз етеді.

Алдымен біз кен денесінің жату тереңдігін анықтаймыз:

$$\sin\alpha = \frac{H_p - h_n}{L_{nao}}$$

$$H_p = (\sin\alpha \times L_{nao}) + h_n \quad (2.3)$$

мұндағы $\sin\alpha$ - кеннің жату бұрышы;

L_{nao} - кен денесінің құлау бойынша ұзындығы, м;

h_n - кен бетін жауып жатқан бос тау жыныстарының тереңдігі, м.

Кен денесінің барлық параметрлері белгілі болған соң кеніштің баланстық қорын, т, анықтап аламыз:

$$Q_{бал} = L_{np} \times L_{\kappa} \times m \times \gamma \quad (2.4)$$

$$Q_{\bar{o}} = 1100 \times 600 \times 23 \times 2,8 = 42\,504\,000 \text{ т}$$

Жоғарыда есептелген кен қорын пайдаланып келесі кеннің түсім қорын, т, есептейміз:

$$Q_{түсім} = Q_{бал} \times \frac{1-K_n}{1-K_p} \quad (2.5)$$

$$Q_{түсім} = 42\,504\,000 \times \frac{1-0,12}{1-0,07} = 40\,218\,838 \text{ т}$$

Академик М. И. Агошков ұсынған тазартпа жұмыстарының жылдық төмендеуінің негізінде жату бұрышы 30 - 90 аралығындағы кен сілемін қазатын шахтаның жылдық өнімінің жуық мәні, т/ж, мына формуламен анықталады: [2]

$$A = \frac{V \times S \times \gamma \times K_u}{K_K} \quad (2.6)$$

мұндағы V - қазу жұмыстарының орташа жылдық төмендеуі, м;
 S - кеннің орташа ауданы, м²;
 γ - кеннің тығыздығы, т/м³;
 K_u - руда өндіру коэффициенті
 K_K - руда сапасының өзгеру коэффициенті.

$$S = m \times L_{np} \quad (2.7)$$

$$S = 23 \times 1100 = 25\,300 \text{ м}^2$$

$$A = \frac{25 \times 25300 \times 2,8 \times 0,88}{0,93} = 1\,528\,315 \text{ т/ж}$$

Кеніштің қызмет ету мерзімі кен орнының баланстық қорына және кеніштің жылдық өнімділігіне байланысты анықталады, сонымен қатар кеніштің даму уақытымен өшу уақыттарының жиынтығынан тұрады.

$$T = T_{құрл} + T_{есеп} + T_{жаб} \quad (2.8)$$

мұндағы $T_{құрл}$, $T_{жаб}$ - кеніштің даму және өшу уақыты (2-5ж);
 $T_{есеп}$ - кеніштің негізгі қызмет ету мерзімі.

$$T_{есеп} = \frac{Q_{түсім}}{A_{жс}} \quad (2.9)$$

мұндағы $A_{жс}$ - кеніштің жылдық өнімділігі, т/жыл;
 $Q_{түсім}$ - түсім қорын, т.

$$T_o = \frac{40\,218\,838}{1\,528\,315} = 27 \text{ жыл}$$

$$T = 2 + 27 + 3 = 32 \text{ жыл}$$

3 Кенді ашу әдістері

Кен орнын ашу тәсілін нұсқалық әдісті қолданып екі кезеңде таңдайды[3]. Таңдалған ашу әдісі төмендегі шарттарға сай болуы керек.

1. Шахтаның жылдық қуатын жоғары деңгейге жеткізу.
2. Минималды мөлшерде меншікті капиталды салымдардың болуы.
3. Пайдалы қазбалардың ең аз шығынының болуы.
4. Тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізу.

Бірінші кезеңде кеннің табиғи жарылуын, созылуын, еңкею бұрышын, қуатын, жату тереңдігін, еңкею бағытындағы биіктігін, жерге орналастыруды, су ресурстарын басқару жағдайларын, өнеркәсіптік қорларды, шахтаның жылдық қуаты мен қызмет ету мерзімін ескере отырып, оны ашудың ықтимал нұсқалары алдын ала айқындалады және олардың әрқайсысы қолда бар деректерге сүйене отырып бағалануы тиіс сәйкес және ашудың екі немесе үш әдісін қалдырып, олар жарамды бәсекелес ретінде бағаланады. Екіншісінде алынған ашудың осы екі немесе үш нұсқасын есептеу қисықтарын ескерместен дәл анықтау мүмкін емес. Сондықтан, ашу әдісін таңдаудың екінші кезеңіне өтіп, осы 2-3 нұсқа техникалық-экономикалық салыстырудан өтеді және тиімді тәсілдер анықталады. Біздің жағдайда біз кен орнын ашудың екі әдісін қарастырамыз:

- 1)Тік шахта оқпанымен және квершлагтармен кеннің төнбе бетінен ашу.
- 2)Тік шахта оқпанымен және квершлагтармен кенді жатпа бетінен ашу әдісі.

Бұл ашу әдістері кен денесінің құлау бұрышы бойынша және физика-механикалық қасиеттеріне сәйкес тиімді болып табылған ашу әдістері, келесі кезекте осы әдістердің ТЭК-терін есептейміз. Техника-экономикалық тұрғыдан бағалау үшін әрбір бәсекелес нұсқалардың іріленген көрсеткіштері бойынша жұмсалынатын күрделі қаржы мен тұтынымдық шығыстары жеке-жеке есептеледі. Ол үшін қажет болатын күрделі қазбалардың түр, пішіні, жоғалым мен құнарсыздық коэффициенттері бұрын жұмыс істеп тұрған жаралым элементтері ұқсас кеніштер тәжірибесі негізінде алынады. Сондай-ақ қазбаларды жүргізу құны және басқа да шығыс түрлерінің шамасы да әлгіндей кен кәсіпшілік тәжірибесіне сүйене отырып қабылданады. Жұмсалатын күрделі қаржыны есептеу үшін алдымен шахты үстіндегі құрылыстармен қоса өтетін оқпан, қылу, қуақаз, тұйық оқпан албары сияқты басқа да кен қазбаларының көлемі анықталады. [4]

Ал тұтынуға жұмсалатын шығын кенді негізгі ашу қазбалары бойынша тасымалдауға; оны оқпан бойынша тасымалдауға; суды сыртқа төгуге; желдету мен күрделі қазбаларды жөндеуге арналған қаражаттан тұрады. (Есептеу А қосымшасында келтірілген)

Келтірілген шығындарды салыстырмалы бағалау критериилері арқылы минимумын анықтаймыз:

$$\Pi = \frac{\sum_{i=1}^n C}{Q_m} + E \frac{\sum_{i=1}^n K}{A_{ж}} \quad (3.1)$$

мұндағы $\sum_{i=1}^n C$ - тұтынымдық шығындардың жиынтығы, тг
 $\sum_{i=1}^n K$ - күрделі шығындардың жиынтығы; тг
 E - нормативтік коэффициент, 0,15.

1) Тік шахта оқпанымен және квершлагтармен кенің төнбе бетінен ашу

$$П = \frac{1016818751}{40218838} + 0,15 \times \frac{271480000}{1528315} = 51,84 \text{ тг/м}$$

2) Тік шахта оқпанымен және квершлагтармен кенді қия ашу әдісі

$$П = \frac{1091675117}{40218838} + 0,15 \times \frac{29537000}{1528315} = 56,1 \text{ тг/м}$$

Келтірілген шығындардың ең аз мәніне сәйкес біз 1-ші нұсқаны қабылдаймыз, яғни тік шахталық оқпанмен және шахтаның бетінен көтерілумен кенді ашу әдісі. Бұл тәсілде кен құрылыстарына (жерасты, жерүсті) және кен массасын жер бетіне шығаруға жұмсалатын орташа шығындар (51,84 тг/т), кен орнының бетінен тік оқпанмен және квершлагтармен ашу тәсіліне жұмсалатын шығындар (56,1 тг /т) аз болғандықтан, ашудың мұндай тәсілін пайдалану біздің елде экономикалық жағынан тиімді.

3.1 Бас ашу қазбасы түсетін жерді анықтау

Ашу тәсілін таңдап алғаннан кейін бас оқпанды кеніштің созылым ұзындығына қарай орналастыру жағдайын қарастыру қажет. Егер кеніш сілемі бірқалыпты, өзгеріссіз болса, кеніш қуатты майды пышақтап кескендей теп-тегіс, түп түзу болса онда бұл мәселе оп-оңай шешіледі кенішті созылым ұзындығына екі бірдей жартыға бөледі де бас оқпанның орны «кеніштің ұзындық ортасында» деп бас оқпанды ұңғымалауға кіріседі. Өкінішке орай, кеніштің жарылым пішіні біздің ойлағанымыздай бола бермейді. Көбінесе қуаты өзгеріп, жату бұрышы құбылып, бір бөлшегі төменге созылып, бір бөлшегі жоғары өрлеп табиғаттың өзі жасаған пішініне сай келеді де тұрады.

Оқпанның оңтайлы орналасуын қарастырған кезде оның орналасқан жағдайларын ескеру қажет.

1. Міндетті түрде оқпанның орналасу орны тау жыныстарының ығысу алабы шекарасының сызығынан ең аз дегенде: кен орнын қазғанда 20м; көмірді қазғанда 30 м болуы керек.

2. Жер бедері еңіс таулы аудандарда оқпан сағасын және құлауға ұшырамайтын, көшкін баспайтын, ғимараттары опырылмайтын қауіпсіз аймақта орналасқаны дұрыс

3. Оқпанның орналасқан орта тау жыныстың үйіндісінің орнымен сәйкес, ыңғайлы болуын талап етеді. Тау жынысының үйіндісі екі таудың арасында,

сайлы, шұңқырлы жерде болуын осы күнгі қатаң шарттарының бірі. Мұндай инженерлік шешім біздің жерімізді жоғары тиімділікпен пайдалануға мүмкіндік береді.

4. Оқпанның сағасы байыту фабрикасымен, балқыту заводтарымен және орталықпен тас жол, темір жол арқылы жоғарғы деңгейдегі байланыста болуы керек.

Бас оқпанның түсіру орнын анықтау кезінде, ең алдымен, жүктемені бөлетін фактор жер асты көлігіне, яғни тасымалдауға қажетті шығынның азаюы болып табылатыны ескеріледі. Осылайша, оқпанның орналасуы шахта массивінің оң және сол қанаттарынан жеткізілетін кен шығындарының бірдей деңгейінен аспайтын қашықтықта орналасуы керек. Оқпан шахтаның оң қанатына түсіп, осы жерден алынған кенді жеткізу арзан болар еді делік, бірақ екінші қанатқа тасымалдау өте қымбат болар еді. Осыдан шахта ешқандай пайда көрмейді, керісінше шығын мөлшерін арттырады.

Жер асты көлігінің ең аз жұмыс көлемін қамтамасыз ететін негізгі ашу қазбаларының түсу орнын анықтаудың келесі әдістері бар:

1. Академик Л.Д.Шевяковтың графикалық және аналитикалық әдістері.

2. Профессор С.К.Соволевскийдің графика-аналитикалық әдісі.

Профессор С.К. Соволевскийдің графоаналитикалық әдісімен ашылған жыныстың түсу орнын анықтау ең тиімді болып табылады. Себебі бұл әдіспен сіз бос оқпанның түсетін жерін дәл таба аласыз. Бұл үшін келесі жұмыстар атқарылуы қажет:

- Көлденең жүргізілген m сызығына кез келген ауқыммен l_1, l_2, l_3, l_4 қашықтықты түсіреді

- Кез келген ауқыммен көмекші АВ көлденең сызығын жүргіземіз.

- А және В нүктелерінен перпендикуляр көтеріп, ол перпендикулярға кез келген ауқыммен $Q_1, Q_2, Q_3 \dots Q_n$ жүктерін түсіреміз

- «А» нүктесіне топтастырылған жүктердің ортасын сызықпен қосып, сызықты сәулесін құрамыз. $Q_1, Q_2, Q_3 \dots Q_n$ топтастырылған жүктерді солдан оңға тасымалдайды деп келісеміз.

- Оңнан солға тасымалдайтын топтастырылған Q_n, Q_3, Q_2, Q_1 жүктерін А нүктесіне түсірілген перпендикулярға көшіреміз.

- AQ_1 сызығына m параллель сызығын жүргіземіз. Сөйтіп AQ_2 cd, AQ_3 dl, AQ_n ик жүргізілген сызықтар солдан оңға қарай тасымалдайтын жүктердің m сызықтарын туғызады да ол m қисық жер астындағы көліктің солдан оңға қарай тасымалдау жұмысын көрсетеді. Оңнан солға тасымалдайтын жер астындағы көліктің жалпы қисық сызығы $ПК_1$ жоғарыдағы айтылған әдіспен табылады.

Қисық сызықтар m және $ПК_1$ көліктің атқарған жұмысы деп аталатын себебін мынадан түсінуге болады. Осы екі сызықтың қиылысқан жері біздің бас оқпанымыздың орналасуына тиімді жер болып табылады. (Қосымша А.3 бөлімінде толық есептелеген).

Біздің жағдайда оң қанаттан 500 м және сол қанаттан 600 м қашықтықты басып өтіп, бас ашу қазбасын сол жерге орналастыру тиімдірек.

4 Кен орнын қазу жүйесін таңдау

Кен орнын қазу технологиясы-пайдалы қазбаларды жер қойнауынан шығарып алуға арналған кеңістікпен уақыт арасында үйлескен жалпы кен орнын қазу жұмыстарын айтады.

Тау-кен өнеркәсібінің маңызды жұмысы-кен өндіру үшін қажетті ең тиімді тау-кен жүйесін таңдау. Кенді ашу және дайындау жер астында орналасқан кендерді қазуға, яғни ең аз шығындармен кендерді өңдеуге және өндіруге бағытталғандықтан, бұл Кенді өндіруде қолданылатын қазу жүйесіне байланысты. Сондықтан таңдалған кен қазу жүйесі келесі талаптарға сай болуы керек:

- 1) қолайлы еңбек жағдайлары мен еңбек қауіпсіздігі;
- 2) өндірістік процестерді кешенді механикаландыру мен автоматтандыру негізінде еңбек сыйымдылығын және еңбек өнімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау;
- 3) шығындарды азайту және әзірленетін кеннің сапасын жақсарту;
- 4) шахтаны жылдық қайта өңдеу өнімдерімен қамтамасыз ету.

Тиімді қазу жүйесін таңдау екі кезеңнен тұрады: бірінші кезеңде біз өндірудің геологиялық және технологиялық жағдайларына негізделген факторларға сәйкес келетін 2-3 жүйесін таңдаймыз. Бұл сұрыптау тұрақты және ауыспалы көрсеткіштерге сәйкес жүзеге асырылады. Тұрақты айғақтар деп отырғанымыз- кеннің жарылым пішіні, қалыңдығы, кен денесінің жату бұрышы және кенмен жанасып жатқан тау жыныстарының төзімділігі мен бекемділігін сипаттайтын физика-механикалық қасиеттері. Ауыспалы белгілер деп- кенді бұзатын элементтердің жойылуы, тау жыныстарының тотығуға және өздігінен жануға бейімділігі, сондай-ақ ұсақталған кенді балқытуға бейімділігі, газ бөлу қасиеттері, кеннің әртүрлі сорттары, кеннің немесе іргелес жыныстардың қирауға бейімділігі және кеннің құндылығы және т. б. түсіндіріледі.

Кен денесін игеру жүйесін таңдау бойынша жұмыстарда А. Байқоңыровтың еңбегін де атап өтпеуге болмайды. Себебі, қазіргі өндірісте қолданылатын тау-кен жүйесі сыныптарға бөлінеді және олардан матрицалық-векторлық әдіспен тиімді тау-кен жүйесін табуға болатындығын көрсетеді.

4.1 кесте -

ТЭК	Өлшем бірлігі	Кенді атылыс күшімен жеткізіп, толтыра қазу жүйесі	Кенді атылыс күшімен жеткізу жүйесі
ГПР және ГНР үлес көлімі	м ³ /1000	10	12
Жоғалым	%	9	12
Құнарсыздану	%	11	10
Забойлық жұмысшының еңбек өнімділігі	т/аус	48	60
1 т кеннің өзіндік құны	\$	15	10

Жоғарыдағы кестеде келтірілген екі қазу жүйесінен алынған мәндерге сүйене отырып біз кестені келесідей жасаймыз. Осы кестеде көрсетілген мәндерден біз әр көлденең жолдан тиімді мәндерді таңдаймыз. Бұл мәндер келесі есепті есептеу кезінде қажет болады.

$$\Delta = \begin{vmatrix} 10 & 12 \\ 9 & 12 \\ 11 & 10 \\ 48 & 60 \\ 15 & 10 \end{vmatrix}$$

-кестедегі мәндерден құрастырылған матрица

Осы кестенің әр бағанында белгілі бір даму жүйесі сипатталады және вектор бағанды қалыптастырады. Енді осы өңдеу жүйелерінің көрсеткіштерін өзара салыстырайық. Мысалы, бірінші әдіс-еңбек өнімділігі - өнімділік неғұрлым жоғары болса, игеру жүйесі соғұрлым тиімді болады. Екінші жол (екінші жол) – өзіндік құны – неғұрлым төмен болса, соғұрлым жақсы және т.б. осылайша, жақшада (біздің жағдайда қою түспен) біз ең жақсы көрсеткіштерді белгілейміз. Осыдан кейін әрбір жол (көрсеткіш) үшін формула бойынша ең жақсы мәннен әрбір көрсеткіштің абсолютті ауытқуын анықтаймыз:

Осы мәліметтер негізінде әр жол үшін абсолютті ауытқуды есептегеннен кейін біз келесі матрицаны құрамыз. Тік баған бойымен барлық осы мәндердің квадраттық қосындыларын есептеп, R векторын анықтаңыз (есептеу В қосымшасында келтірілген).

$$\Delta = \begin{vmatrix} 0 & 0,2 \\ 0 & 0,33 \\ 0,1 & 0 \\ 0,2 & 0 \\ 0,5 & 0 \end{vmatrix}$$

$$R_1 = \sqrt{((\Delta I 1/1))^2 + ((\Delta I 1/2))^2 + ((\Delta I 1/3))^2 + ((\Delta I 1/4))^2 + ((\Delta I 1/5))^2} = \sqrt{(0)^2 + (0)^2 + (0,1)^2 + ((0,2))^2 + ((0,5))^2} = 0,54$$

$$R_2 = \sqrt{((\Delta I 2/1))^2 + ((\Delta I 2/2))^2 + ((\Delta I 2/3))^2 + ((\Delta I 2/4))^2 + ((\Delta I 2/5))^2} = \sqrt{(0,2)^2 + (0,33)^2 + (0)^2 + ((0))^2 + ((0))^2} = 0,38$$

Жоғарыда есептелген R векторларының ішіндегі салыстырмалы түрдегі ең мәні аз болып R min табылатын векторлардың бірін таңдап аламыз. Таңдалған вектордың реттік саннына сәйкес келетін кенді қазу жүйесі ең тиімді әдіс болып табылады. Біздің қарастырып отырған жағдайымызда кенді атылыс күшімен жеткізу жүйесі (R=0,38) тиімді болып саналады. Яғни біздің кенішімізде осы әдісті қолданамыз.

4.1 Кенді атылыс күшімен жеткізу жүйесі


Қабаттық тәсілмен даярланған кен орны немесе шахта алабы жекелеген блоктарға бөлінеді немесе өздігінен жүретін жабдықтың көмегімен жеткізіледі, өндіру қысымы таспалы кентіректермен бақыланады.

Қолдану шарттары: кен қуаты 4-20 м, тереңдігі 400-500 м, кенді қоршап тұрған жыныстар және тұрақты кендері бар, орташа кен құндылығы бар кен орындарын игеру кезінде (20-45 градус).

Дайындық жұмыстарына далалық тасымалдау және желдету қуақаздары, кен ұңғымалары мен көпірлер кіреді.

Тілме жұмыстары. Сырмалау қуақазы, сырмалау және отау қуақазы аралығындағы қосынды қазба (сбойка), отау қуақазы, кезу саңылауы және бұрғылау әрлемесі. [6]

Тиеу- тасымалдау машиналарын сақтау кезінде блоктың ұзындығы 120-140 м, ал кешендерді пайдалану кезінде - 140 м және одан жоғары. Блоктың көлбеу ұзындығы кен денесінің құлау бұрышына тікелей байланысты және 40 м-ден 100 м-ге дейін және одан жоғары болуы мүмкін. Бүкіл белдіктің ені шахтаның тереңдігіне тікелей байланысты, орташа 5-6 м, камераның ені орташа 10-18 м.



4.1 сурет - Кенді атылыс күшімен жеткізіп қазу жүйесінің сұлбасы

1-кен тасымалдау штрегі; 2-штректерді байланыстырушы орт; 3-скреперлік штрек; 4-материал тасымалдауға және көтерілуге арналған өрлеме; 5-кенқұдық; 6-тілме штрегі; 7-тазалау алаңы; 8-бұрғылау өрлемесі; 9-скреперлік орт; 10-желдету штрегі; 11-таспалы кен тірек; 12-шығару қазбалары (дучка); 13-далалық тасымалдау штрегі.

Тазалау қазбалары тілме және өрлеме қазбаларын өтумен жүргізіледі. Біз блоктағы кен массасын веерлік ұңғымаларының баяу жарылысымен ұсақтаймыз.

Ұсақталған тау массасы жарылыс күшінің көмегімен кен тасымалдау қазбаларына жеткізіледі. Блоктың ұзындығының артуына байланысты жарылыс күшімен жеткізудің тиімділігін арттыру үшін біз жарылғыш заттарды жеткізудің нақты шығынын көбейтеміз. Камерадағы тау қысымы таспалы кентіректермен бақыланады, бұл оларды камерада кен өндірілгеннен кейін алуға мүмкіндік береді. Кен шығыны 20% - ға дейін, азаюы - 8-10% - ға дейін, Еңбек өнімділігі- 25-60 т/смена, дайындық қазбаларының меншікті шығыны-12 м/100 т.

4.2 Жарылғыш заттың үлес шығынын анықтау

Ұңғымамен уату. Уату жұмыстарының негізгі параметрлері: шпур арқылы уату процессіндегідей ең қысқа кедергі сызығы(Л.Н.С), ұңғымалардың арақашықтығы және т.б.

Қазіргі таңда Л.Н.С-ті анықтау үшін кәп таралған формулалардың бірі Л.И.Баронаның формуласы:

$$W=d\sqrt{\frac{0,785\times\Delta\times k_m}{m\times q}} \quad (4.1)$$

мұндағы d - ұңғыманың диаметрі, 100мм

Δ - жарылғыш зат тығыздығы, 1100 кг/м³

k_m - веерлік ұңғымаларды толтыру коэффициенті, 0,75

m - зарядтардың жақындау коэффициенті, 0,8;

q - жарылғыш заттың үлес шығыны, 0,9 кг/м³.

$$W=100\sqrt{\frac{0,785\times1100\times0,75}{0,9\times1}}=2681 \text{ мм}$$

Ең қысқа кедергі сызығын (ЛНС) анықтап алдық, яғни біздің жағдайымызда $w = 2681 \text{ мм} = 2,68\text{м}$ -ді құрады. Келесі кезекте осы алынған мәнді қолдана отырып ұңғымалардың өзара арақашықтығын есептейміз. Веерлік ұңғыма арқылы уату кезінде ұңғымалардың соңының арақашықтығы атах және қазбадағы бұрғылау контурларына жақын орналасқан ұңғымалардың зарядталған бөліктерінің арақашықтығы атіп анықтаймыз:

$$a_{max}=1,5-1,7W \quad (4.2)$$


$$a_{max}=1,6\times2,68=4,28 \text{ м}$$

$$a_{min}=0,5-0,7W \quad (4.3)$$

$$a_{min}=0,6\times2,68=1,6 \text{ м}$$

4.2 кесте -

№	d, м	L, м	V, м ³	Q, кг
1	0,1	9	0,0707	58,2863
2	0,1	9,4	0,0738	60,8768
3	0,1	11,4	0,0895	73,8293
4	0,1	16,7	0,1311	108,153
5	0,1	23	0,1806	148,954
6	0,1	21,67	0,1701	140,34
7	0,1	21,04	0,1652	136,26
8	0,1	21,04	0,1652	136,26
9	0,1	21,67	0,1701	140,34
10	0,1	23	0,1806	148,954
11	0,1	16,7	0,1311	108,153
12	0,1	11,4	0,0895	73,8293
13	0,1	9,4	0,0738	60,8768
14	0,1	9	0,0707	58,2863
Барлығы	0,1	224,42	1,7617	1453,40003



4.2 сурет - Веерлік ұңғымалардың блокта орналасуы сұлбасы

Анықталған мәліметтерге сүйене отырып, біз веерлік ұңғымаларын кен алатын камераға орналастырамыз (веерлік ұңғымаларын таңдаудың себебі таңдалған қазу жүйесіне байланысты). Оны орналастыру үшін, ең алдымен, камераның контурын сызамыз және a_{max} сызығын осы ұңғымалардың контур сызығына перпендикуляр сызамыз, келесі ұңғыманың орналасқан жерін анықтаймыз, содан кейін оны жалғастырамыз. Осылайша, біз камерадағы саңылаулардың саны мен ұзындығын анықтаймыз. Алынған мәліметтер негізінде жарылғыш заттың массасын анықтаймыз, m^3 :

$$V_{жз} = \pi \times R^2 \times L \quad (4.4)$$

мұндағы π - математикалық тұрақты сан, 3,14

R - ұңғыманың радиусы, 50 м;

L - ұңғымалардың жалпы ұзындығы, 224,42 м;

$$V_{жз} = 3,14 \times 0,05^2 \times 224,42 = 1,76 \text{ м}^3$$

Осы анықталған жарылғыш заттың көлемін пайдаланып бір жарылысқа қажет жарылғыш зат массасын анықтаға болады:

$$Q_{жз} = V_{жз} \times \Delta \times K_3 \quad (4.5)$$

мұндағы Δ - ұңғымадағы жарылғыш зат тығыздығы 1100 кг/м³;

K_3 - ұңғыманы атылғыш затпен толтыру коэффициенті, 0,75;

$$Q_{жз} = 1,76 \times 1100 \times 0,75 = 1453,4 \text{ м}^3$$

Келесі кезекте қабаттан (бір жарылыстан) алынатын кеннің көлемін анықтап аламыз:

$$V_k = B_k W H_k \quad (4.6)$$

мұндағы B_k - камераның ені, 20 м;

W - ең қысқа кедергі сызығы, 2,68 м;

H_k - камераның биіктігі, кеннің қалыңдығына тең, 23 м.

$$V_k = 20 \times 2,68 \times 23 = 1232 \text{ м}^3$$

Қабаттағы кеннің массасы, т:

$$Q_k = V_k \times \gamma \quad (4.7)$$

$$Q_k = 1232 \times 2,8 = 3449 \text{ т}$$

5 Арнайы бөлім. Ұңғымалардың берілген бұрғылау бағытынан ауытқуын зерттеу

Ұңғыманың берілген бағыттан ауытқуы табиғи жағдайларға немесе жасанды түрде пайда болуы мүмкін. Табиғи жағдайда ұңғыманың қисаюы бірқатар себептерге байланысты (геологиялық, техникалық, технологиялық) және есептеу кезінде осы факторларды ескере отырып есептеу керек.

Ұңғымалардың жасанды қисықтығы кез-келген еріксіз қисықтықпен түсіндіріледі. Геологиялық жағдайдағы ұңғымалардың қисықтығына әсер ететін негізгі қасиеттер: әртүрлі физикалық және механикалық қасиеттері бар тау жыныстарын бұрғылау кезінде кенжардың әр нүктесінде қиылысатын тау жыныстарының бұрғылануын анықтайтын бұзылу жылдамдығы әр түрлі болады.

